«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Абая, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606

29.06.2021. № 4-5/3415

Bekzat

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 24 маусымдағы № 110258 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен электронды шағымыңыз негізінде, Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының "Қоғамдық келісім" КММ өткізілген № 5937369-1 «Жалпы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру» республикалық жобасы аясында Қарағанды облысы ҚХА қоғамдық құрылымдарының отырыстарын өткізу және ұйымдастыру қызметі бойынша электронды мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді.

Мемлекеттік сатып алу қорытындысына сәйкес, конкурстық комиссия тарапынан конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауына орай Сіздің өтініміңіз конкурсқа жіберілмеген.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ бекітілген «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 1-тармағы 4-тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады.

Осыған орай, Тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың 1-4-қосымшасына сәйкес, қажетті материалдық ресурстарының, оның ішінде 1 бірлікте көлік құралы болуы туралы біліктілік талаптары қойылған.

«Біліктілік туралы мәліметтер» 6-қосымшаның 4-тармағына сәйкес (әлеуетті өнім беруші (бірлесіп орындаушы) көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады), әлеуетті өнім беруші қызметтерді көрсету үшін қажетті материалдық ресурстардың болуы туралы ақпаратты растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін тіркеу арқылы көрсетеді.

Бұл жағдайда, жеке меншік материалдық ресурстардың растаушы құжаттары ретінде меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі), егер жалға алынған жағдайда, кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша, конкурстық өтінімге Сіздің тарапыңыздан С.Н. Сагиевпен жасасқан тасымалдау қызметін ұсынуға арналған 2021 жылғы 05 маусымдағы № 27 келісімшарт ұсынылған.

Алайда, Заңның 9-бабының 6-тармағына сәйкес, осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптары – әлеуетті өнім беруші өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігер не қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушы ретінде тартуды көздейтін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынуға тиіс.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушыларды) тартылған жағдайда, олардың осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында салықтық берешек бөлігінде және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріне беріледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Заңның 9-бабы 1-тармағының 4-тармақшасында көзделген біліктілік талаптары, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде тартылған қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушылар) қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағы 1-тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы егер конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса конкурсқа жіберілмейді.

Осылайша, Департаментте шара қолдануға негіз жоқ.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына және 14-бабының 6 тармағына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **М. Байдурин**

Орынд. Рымбекова Ж.
Тел. 8 7212 - 425580